



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қорқыныштың көзі болып табылады.

Қолданылған әдебиет

1. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Изд-во Эксмо, 2008. – 531 б.
2. Асмолов А.Г. Движущие силы и условия развития личности – СПб.: Питер, 2000. – 362 б.
3. Мухина В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. - М.: Академия, 2002.- 456 б.

УДК159.121.76

ОТБАСЫЛЫҚ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Раимжанова Феруза

ziyoda93.22@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «5В050300-Психология» мамандығы

3 курс студент, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Айтышева А.М.

Отбасылық конфликт конфликтілердің ең көп таралған түрі болып табылады. Отбасылық қарым-қатынастың бұзылуынан конфликтілік жағдайдың пайда болуы отбасының барлық мүшелерінің әлеметтік және психикалық денсаулығына әсер етеді. Отбасылық конфликтілер – отбасы мүшелерінің арасында қарама-қарсы бағытталған себептер мен көзқарастардың қайшылыққа келуі. Т.М. Мишина отбасылық конфликтіні отбасы ішіндегі тұлғааралық қатынастардың, ұстанымдардың, максаттардың үйлеспеушілігінің күшеюімен түсіндіреді [1].

Отбасылық конфликтілер қандай да бір қажеттіліктерді қанағаттандыру немесе серігінің қызығушылығын есепке алмай өзінің қуанышы үшін жағдай жасаудан да пайда болады. В.А. Сысенко отбасы конфликтісіне апарып соқтыратын жұбайлардың қажеттіліктерінің классификациясын ұсынды [2]

1. Жұбайлардың бірінің екіншісіне деген қадір-қасиет сезімінің бұзылуы, яғни оны кемсітетін, қадірлемейтін қарым-қатынас нәтижесінде туындаған конфликт және реніш.

2. Жұбайлардың сексуалды қажеттіліктерін қанағаттандыру негізінде психикалық конфликт нәтижесінде пайда болған конфликт және реніш.

3. Жұбайлардың бірінің немесе екеуінің де жағымды эмоцияларының қанағаттанбауы нәтижесінде психикалық шиелініс, депрессия, конфликт, ұрыс-жанжалдың пайда болуы, яғни мейірімнің, қамқорлықтың, ілтипаттың, әзілдің, түсінудің және сыйлықтардың жоқтығы.

4. Жұбайлардың бірі арақ-шарапқа, құмар ойындарға және шамадан тыс қажеттіліктерге, тіпті отбасы қаржысының пайдасыз шығындарына әкелетін конфликтілер, ұрыс-жанжалдар.

5. Жұбайлардың бірінің бюджетін үйлестіру, отбасыны асырау, әр отбасы мүшесінің отбасыны материалды қамтамасыз ету негізінде пайда болатын қаржылық келіспеушілік.

6. Тамақ мәселесі, киім кию, отбасы функцияларының орындалуында жұбайына қанағаттанбау нәтижесінде пайда болатын конфликт, ұрыс және реніш.

7. Отбасында еңбекті бөлісу, үй шаруасын жүргізу, балаларды бағу кезінде пайда болатын конфликт.

8. Демалыс және бос уақытын өткізу, әр түрлі хоббимен айналысуға көзқарасы мен қажеттілігі кезінде болатын түрлі конфликтілер мен ұрыс-жанжалдар.

Отбасылық конфликт отбасымен анықталады, ал отбасы қоғаммен анықталады. Мұндай екі еселеніп анықталған жүйе отбасы жүйесіндегі конфликтілік аумақты айқындап

береді. Отбасылық конфликтіде өзара әрекет сипатына әйел адамның отбасындағы заңды статусы әсер етеді. Конфликтілік әрекеттен шығу үшін ата-ана махаббаты маңызды рөл атқарады.

Конфликт бір емес бірнеше себептен пайда болатындықтан, соның ішінде ең маңыздысын анықтап алуға болады. Маңызды себеп бойынша отбасы конфликтілерінің пайда болуын бірнеше топқа бөлуге болады:

- Менменшілдіктің қанағаттандырылмауының негізінде екінші адамның сезімін бұзу;
- Ерлі-зайыптылардың сексуалдық мұқтаждықтарының қанағаттандырылмауы;
- Отбасы мүшелерінің бірінің ішімдікке, құмар ойындарына немесе нашақорлыққа салынуы;
- Финанстық конфликт, отбасы мүшелерінің бірінің қаражатты жарату мөлшерінің артық болуы;
- Ерлі-зайыптылардың тамаққа, киімге, үйге және біреуінің жеке бас қажеттілігіне жұмсалатын қаржыға байланысты;
- Демалу барысында екі түрлі қажеттіліктерді талап ету;
- Отбасындағы ақпараттық үдерістердің бұзылуына коммуникациялық проблемалардың пайда болуы мен коммуникациялық кедергінің пайда болуы;
- Коммуникациялық кедергі отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы барысында ақпарат тарату қиындығын туғызады;
- Коммуникациялық проблеманың дамуы отбасының жүйкесін жаралайтын процесстерді қалыптастырады [3].

Ерлі-зайыптылардың арасындағы конфликтінің бәрі бірдей теріс мағыналы бола бермейді. Кейбір конфликтілердің арқасында ерлі-зайыптылар шешімі табылмаған сұрақ төңірегінде ортақ позиция қалыптастырады, бір-бірінің талғамын және қызығушылығын біледі. Кейде ұсақ конфликт ірі конфликтіге ұласып кетуі мүмкін. Әрине, ерлі-зайыптылар арасындағы конфликтіні шешу оның келесі туындауының алдын алады.

Роджер Нудсон және оның әріптестері ерлі-зайыптылар жұбын Иллинойса университетінің психологиялық лабораториясына шақырып, бұрын болған конфликтіге көрініс жасауын сұрап, зерттеу жасап көреді. Олармен конфликтіге дейін, сол кезде және содан кейін сұхбатта оларды мұқият зерттейді [4]. Өзінің ойын толық айта алмаған, тақырыптан ауытқыған және отбасыда өзара түсіністік бар деп сендірген жұптар шындығында өзара түсіністігі төмен болып шығады. Тақырып төңірегінде жауап берген, өз ойын айта алатын, жолдасының көзқарасымен есептесетін, ортақ шешімге келетін және бір-бірі туралы нақты ақпарат алатын жұптар жолдасының қамқорлығын жұртын көзінше бөліссе, онда олар некеде бақытты екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Осындай зерттеулерде конфликтінің конструктивті тәрбиесінде қалыптасқан ерлі-зайыптылар мен балалардың тренингтік жаңа бағдарламасы пайда болды. Ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, конфликтінің алдын алу мақсатында келесі көмек түрлерін қарастыруға болады:

- ері мен әйелінің жеке құндылық сезімін қолдау қажет;
- өзара сыйластықты және құрметтеуді тұрақты көрсетіп отыру керек;
- басқа ерлі-зайыптыларға энтузиазммен қарауға тырысу керек, жек көруден, шыдамсыздық танытудан қашық болу керек, ұстамдылық таныту керек;
- өмірлік жолдасыңның қатесі мен кемшілігіне арнайы көңіл бөлмеу керек;
- өткен жалпы және өтіп кеткен жеке қатесіне бола ескерту жасамау керек;
- конфликтінің ұлғаюын шешу немесе тоқтату үшін зияны жоқ күлкілі немесе кез келген басқа іске алаңдататын тақырыпқа ауыстыруға болады;
- өзінді және жұбыңды сатқындыққа және таза еместігіне сенімсіздікпен қарап жанын жегідей жемей, пайда болған сенімсіздікте және қызғанышта өзін ұстай білу керек;
- некеде және отбасында шыдамдылықтың ең шегіне дейін, қайырымдылықтың, көңіл бөлудің және тағы да басқа жағымды жақтарын көрсету қажеттігін есте сақтау керек [5].

Отбасылық конфликтілерде мамандардың конфликтология және өзара қарым-қатынас тренингінің пайдалы кеңесін тыңдаған қолайлы. Деструктивті тактикадан (елемеу, жұбын кемсіту, эгоизм) және жағымсыз қылықтардан алшақ болған жөн.

Отбасылық конфликтілердің алдын алып, қарым-қатынасын реттеу әдістемесінің ішінен келесілерді бөліп айтуға болады [6]:

Жұбайлар конференциясы. Бұл жағдайда отбасы мүшелері арасында кең көлемде олардың өмірлеріне қатысты проблемаларды, сонымен қатар отбасына қатысты әртүрлі сұрақтарды шешу тәсілдерін талқылау туралы болмақ. Әдістеме негізінен ерлі-зайыптылардың немесе отбасы мүшелерінің жиі кездесуінен, отбасы мүшелерінің тең мүмкіндікте қатысу шеңберінде өтілуі қамтамасыз етеді. Бұл әдістеме отбасының ішкі қарым-қатынасын жақсартуға және олардың жақындасуын жоғарылатуға негізделген.

Отбасы билеушісі. Ол отбасы қарым-қатынасын қайта құруға бағытталған, жағымсыз қылықтарды сейілтуге және тоқтатуға, конфликтінің күшеюін болдырмауға бағытталған.

Отбасы мүсіншісі. Отбасының ішкі қарым-қатынасындағы мүшелерінің орнын анықтайтын әдіс.

Құндылықты салыстыру. Бұл әдістеме отбасындағы кезекелген қарым-қатынасты бір тұтас жүйе түрінде қарауға негізделген. Әдістеме құндылықты және қоғамдық-психологиялық процестің ажырамас бір бөлігі болып табылатын қоғамдық ролін анықтайды және отбасы мүшелерінің, ерлі-зайыптылар жұбының өзара түсінісуі мен қабылдауын арттыруға бағытталған. Ол құндылықтың байқалуына бағытталған.

Берілген әдістемелер отбасы мүшелеріне бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, “бағаламайды”, “бағындырады” деп ұғынған түсінікті дұрыс түсінісуге өте жақсы мүмкіндік береді. Бұл әдістеме отбасында бір-біріне деген қарым-қатынас қиын болғанда, басқа біреудің көмегіне жүгінгенде қолданылады. Клиентке сезімін басқа түрде көрсету ыңғайсыз, ойлау қорқынышты болғанда көмектеседі. Көптеген психологтар өзінің жұмысында отбасының әртүрлі түзету техникасын қолданады.

Отбасы - өмір бейнесі, отбасы адамзат пайда болғаннан бері дамытып келеді. Отбасы - маңызды шартын қоғамның барлық социалды структурасында функционалдандырады, ол қоғамның даму процесіне әсер ететін қуатты потенциал екендігімен қорытындыланады. Екі адам өздерінің қабылдаған талаптары мен мақсаттарын орындауға талаптанбағандықтан ұрыс-керіске әкелуі мүмкін. Адамдар өзінің қара басын ойлағанда көптеген әлеуметтік проблемалар тудырады.

Қазір біздің елде және барлық елде “отбасы дағдарысы” деген көзқарас бар: айырылысу саны көбейіп келеді; кеш үйлену және баланың өмірге кеш келуі; отбасылық өмірдің альтернативті варианттарының ұйымдастырылуының кең етек алуы, соның ішінде тіркелмеген неке және некесіз туылған бала сияқты мәселелер бар.

Сонымен қорытынды жасайтын болсақ:

1. Отбасы бұрынғыдай өзекті, тек оның мағынасы мен функциясы өзгеріп тұрады. Ол әрқайсысының жеке таңдау жауапкершілігіне негізделген дара жобаға айналды. Жаңа кезеңдегі ерлер мен әйелдер өзінің өмірін қандай мақсатта басқа адаммен бөлісетіндігін түсінуі қажет.

2. Отбасы қарым-қатынасының бұзылу көзі ерлер мен әйелдердің отбасы мақсаты, оның нақты функциясының мазмұны және оның орындалу тәсілі, отбасындағы ролдерін бөлісуі туралы көзқарастарының әртүрлілігінен туындайды.

3. Соңғы кездері отбасымен жұмыс процедураларының саны өсіп келеді.

4. Отбасы мәселелерін уақытында талдау мен конфликтілердің алдын алу арқылы отбасын сақтап қалудың мүмкіндіктері мол.

5. Отбасылық психологтарды дайындау мен кәсіби біліктілігін арттыру жолдарын заман талабына сай үнемі жетілдіріп отыру керек.

Қолданылған әдебиет

1. Гришина Н.В. Психология конфликта. - 2-е изд.-СПб.: Питер, 2009., Б.76

2. Сысенко В.А. Супружеские конфликты. М., 1993. Б. 12
3. Дмитриев А.В. Конфликтология: учебник - Изд. 3-е, перераб. - М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2009., Б.258
4. Майерс Д. Социальная психология. - СПб.: Питер, 2007., Б.268
5. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи. - СПб.: Питер, 2010., Б.279
6. Б. Осипова А.А. Общая психокоррекция. - М.: ТЦ Сфера, 2005., б. 453

УДК 159.923 – 055.2

ПРОБЛЕМА СЕМЕЙНО-БЫТОВОГО НАСИЛИЯ НАД ДЕТЬМИ: ИСТОРИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Садыкова Айнур Аяновна

sadikova_ainur@mail.ru

Магистрант 2 курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Урузбаева Г.Т.

На сегодняшний день проблема насилия (агрессии, жестокого отношения) является едва ли не самой главной в гуманитарных науках. Основы современных научных представлений о проблеме насилия над детьми были заложены в 1961 г., когда на ежегодном собрании Американской академии педиатрии Н. Кетре провел всесторонний анализ синдрома избитого ребенка.

В современном мире проблема семейно-бытового насилия над детьми актуальна, так как в научной социологической, психологической литературе этой теме также уделяется особое внимание. В нашей статье мы остановимся на историческом аспекте проблемы семейно-бытового насилия над детьми.

Андроновская культура — общее название группы близких археологических культур бронзового века, охватывавших в XVII—IX веках до н. э. западную часть Средней Азии, Южный Урал (территория современного Казахстана). Погребальный обряд *андроновцев* представлял собой или обряд трупосожжения или трупоположения в могильных ямах с каменными или деревянными конструкциями, с погребальными курганными насыпями или с каменными оградками. Обряд захоронения детей в андроновскую эпоху разделился на две неравные части. С одной стороны обычный обряд захоронения девочек, с другой – сложный, носящий социальный подтекст, обряд захоронения мальчиков.

В эпоху бронзы у андроновцев возникает ритуал жертвоприношения. Оно проводилось в знак поклонения солнцу, огню, луне, звездам, а также духам-хранителям. Хотелось бы обратить внимание на связь между обрядом захоронения мальчиков и ритуальным жертвоприношением детей. Но сразу отметим, что человеческие жертвоприношения, а в особенности детские, никогда не обретали массовых форм в андроновской культуре и носили всегда исключительный характер. [1; с. 101-117]

Приучение детей труду издавна имело важное значение, и подтверждается историей племен гуннов, проживавших на территории Казахстана в первом тысячелетии до н.э. Об этом источники свидетельствуют так: «... мальчики могут ездить верхом на овцах, натягивать лук и стрелять птиц и мышей; немного подросши, они стреляют лисиц и зайцев, которых употребляют в пищу». [2; с. 23]

В династийной истории гуннов у родственного Жужаням племени Тугю, Дулга мы находим следующие уголовные законы (история династии Тхань): «Повредивший глаз повинен отдать дочь; если нет дочери, должен отдать женино имущество». Здесь очевидно воззрение законодателя на семью и имущество домашних, как на полную собственность главы, который и отвечает им за свои проступки. [3; с.16]

У древних тюрков, проживавших на территории Казахстана в 6- первой половине 9 вв.,